

**полковник Серғали Амантайұлы Алимкуловтың
«8D12102 - Әскери тарих» мамандығы бойынша PhD докторы
ғылыми дәрежесін ізденуге ұсынылған диссертациясына
ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

полковник С. А. Алимкулов үш жыл бойы «Қазақстан Республикасы әскери бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихы мен келешегі» тақырыбы бойынша диссертациямен жұмыс жасады. Осы уақыт ішінде мәселе бойынша әдебиетті талдау және шолу жасау, зерттеудің әдіснамалық негіздемелерін негіздеу, эмпирикалық материалды жинау, өңдеу және жалпылау, тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу бойынша үлкен жұмыс көлемі орындалды. Қазіргі уақытта зерттеу аяқталды.

Диссертация тақырыбы ғылыми ізденістер, әскери-саяси шындықтар және тәжірибелік қажеттілік тұрғысынан өзекті. Оның өзектілігі автордың диссертациясының кіріспесінде негізделген. Диссертация жоспары тақырыпқа сәйкес келеді, автор зерттелетін мәселелер бойынша әр түрлі көзқарастарды салғастыру, қорытынды жасап, тұжырым жасай білетінін көрсетті.

Зерттеудің таңдаулы әдіснамалық негіздері қойылған міндеттерді шешуге және ғылыми жұмыстың мақсатына жетуге мүмкіндік берді, бұл зерттеушінің ғылыми зерттеу әдістерін қолдануда кәсіби дағдыларының жеткілікті деңгейін көрсетеді.

Полковник С.А.Алимкуловтың жұмысының құндылығы оның диссертациялық зерттеуінің бірнеше ерекшеліктерімен анықталды.

Біріншіден, отандық әскери-тарихи ғылымда зерттелетін мәселе бойынша нақты жұмыстардың болмауы. Бұл мәселенің қазіргі уақытқа дейін арнайы зерттеуге мәні болған жоқ және кешенді жалпы жарияланбаған.

Екіншіден, үлкен мұрағаттық материалды меңгеру және жүйелеу. Диссертациялық жұмыс барысында докторант С.А. Алимкулов ҚР Президенті Мұрағатының, ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатының, ҚР ҚМ Орталық мұрағатының және орталық кітапхананың қорларында құжаттық дереккөздерді, сирек кездесетін кітаптарды, құжаттар мен баспа басылымдарын зерттеді. Дереккөздерді таңдаудың негізділігі күмән тудырмайды. Диссертациялық жұмыс барысында ҚР ҚМ Ақпарат және коммуникация департаментінің, сондай-ақ тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің статистикалық мәліметтері, ақпараттар мен анықтамалары пайдаланылды. Зерттеу айналымына 30-дан аса жаңа мұрағаттық құжат пен материал енгізілгені маңызды, бұл жүргізілген зерттеудің негізділігін көрсетеді.

Үшіншіден, зерттеу ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген мұрағаттық құжаттардың негізінде Қазақстан Республикасының Әскери бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі заманға дейінгі қалыптасуы мен дамуының шынайы тарихы алғаш рет қайта жасалғандығымен ерекше, олардың көбі «құпия» деген грифімен берілген, бұл Қазақстан ғылымының